

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МИРАС» УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УНИВЕРСИТЕТ «МИРАС»
MINISTRY of EDUCATION and SCIENCE of the REPUBLIC of KAZAKHSTAN
«MIRAS» UNIVERSITY

БЕКІТЕМІН
Университет ректоры

УТВЕРЖДАЮ
Ректор университета

CLAIM
University rector



Мырзалиев Б.А.
(А.Ж.Т./Ф.И.О./F.I.O.)

05

2019 ж/г/у.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
EDUCATIONAL PROGRAM

Код и наименование образовательной программы:	6B01502 – «Учитель информатики»
Білім беру бағдарламасының коды және атауы:	6B01502 – «Информатика пәні мұғалімі»
Code and Training Program:	6B01502 – «Teacher of Computer Studying»
Оқу бағдарламасының деңгейі:	Бакалавриат (Ba)
Уровень образовательной программы:	Бакалавриат (Ba)
Educational Program Degree:	Bachelor's (Ba)
Білім беру саласының коды және атауы:	6B01 Педагогикалық ғылым
Код и классификация области образования:	6B01 Педагогические науки
Code and classification of the field of Education:	6B01 Pedagogical Science
Даярлау бағытының коды және атауы:	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
Код и классификация направления подготовки:	6B015 Подготовка учителей по естественнонаучным предметам
Code and classification of the training programs:	6B015 Teacher training in science subjects
Берілетін дәреже:	Білім бакалавры
Присуждаемая степень:	Бакалавр образования
Degree awarded:	Bachelor of Education
Біліктілік деңгейі:	6 ҰБШ, 6 ЕБШ
Уровень квалификации:	6 НРК, 6 ЕРК
Qualification level:	6 NQF, 6 EQF

Паспорт модульной образовательной программы

Образовательная программа 6В01502 – «Учитель информатики» по направлению 6В015 «Подготовка учителей по естественнонаучным предметам» разработана в соответствии с Законом «Об образовании», Государственным общеобязательным стандартом высшего образования (Приказ Министра образования и науки РК от 31 октября 2018 года № 604), Национальной и Отраслевой рамками квалификаций, Профессиональным стандартом с учетом потребностей регионального рынка труда.

Образовательная программа рекомендована решением Ученого Совета университета к введению в действие с 1 сентября 2019 года, протокол № 10 от 31.05.2019 года.

Срок освоения образовательной программы для очной формы обучения на основании общего среднего образования в соответствии с нормативно-правовыми актами в области высшего образования составляет 4 года.

Разработчики:

Атемова К.Т.	доктор педагогических наук, профессор кафедры педагогики и дизайн
Омарова Г.А.	кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и дизайн
Исабаева А.С.	кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики и дизайн
Набиева Л.А.	руководитель методического объединения ОСШ №17 им.М.Ю.Лермонтова
Алибекова А.А.	старший преподаватель кафедры педагогики и дизайн

Настоящая образовательная программа является собственностью университета «Мирас» и предназначена для внутреннего пользования в образовательной деятельности вуза

Жұмыс берушілермен келісілді:

№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-
гимназия директоры

Абилдаева Г.С.

№17 М.Ю.Лермонтов атындағы
ЖОМ директоры

Искакова С.А.

«Төржан» жекеменшік мектеп-
гимназиясының директоры

Уркумбаева Г.В.

Педагогика және дизайн
кафедрасының мәжілісінде
қаралған
хаттама № 10
« 14 » мамыр 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі
Жанболатов С.Е.

Педагогика, өнер және тілдер
факультетінің әдістемелік
комиссиясының мәжілісінде
қаралған
хаттама № 10
« 21 » мамыр 2019 ж.

Факультеттің әдістемелік
комиссия төрайымы
Сырлыбаева Э.М.

Университеттің оқу-әдістемелік
Кеңесімен мақұлданған
хаттама № 10
« 28 » мамыр 2019 ж.

Оқу-әдістемелік Кеңестің
төрайымы
Ханжаров Н.С.

Университеттің Ғылыми Кеңесінің
шешімімен бекітілді
хаттама № 10
« 31 » мамыр 2019 ж.


Ғылыми хатшы
Ходжабаева А.П.




(қолы)


(қолы)


(қолы)


(қолы)

МАЗМҰНЫ		
1	Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері.....	5
2	Білім беру бағдарламасы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер	6
2.1	Білім беру бағдарламасының элективті пәндер каталогы.....	9
3	Бітірушінің біліктілік сипаттамасы.....	14
4	Кәсіби қызметінің мазмұны.....	18
5	Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективасы.....	18
6	Білім беру бағдарламасының модульдері бойынша оқыту нәтижелері...	20
6.1	Білім беру бағдарламасының модульдерін оқыту нәтижесімен дескрипторларды ұштастыру матрицасы.....	20
7	Білім беру бағдарламасының мазмұны.....	24
7.1	Оқу үдерісінің кестесі.....	24
7.2	Білім беру бағдарламасының картасы.....	25

1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасы жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты аясында педагогикалық ғылымдар саласында кадрлар даярлау үшін әзірленген.

Білім беру бағдарламасының **миссиясы** ағылшын тілін меңгерген, оқытушылық, тәрбиелік, оқу-әдістемелік ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-басқару, мәдени-ағартушылық қызметті орындауға дайын, жалпы мәдени, лингвистикалық, кәсіби құзыреттерге ие, өз білімін жетілдіру және өзгеріп жатқан жағдайларға бейімделу деңгейін арттыруға және білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруға қабілетті, бәсекеге қабілетті ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мұғалімін дайындау болып табылады.

Білім беру бағдарламасы университеттің стратегиялық міндеттерін шешуде университеттің «Сапалы өмір үшін қолжетімді білім» миссиясын жүзеге асырады:

- экономиканың дамып келе жатқан салаларының кадрлық іргетасын қалыптастыратын, көшбасшылық сапалары мен тәжірибелік дағдылары бар жоғары білікті кадрларды даярлау;
- білім берудің қолжетімділігін арттыруға бағытталған қаржы саясатын қалыптастыру;
- білім беру жүйесіне халықаралық тәжірибені біріктіру мақсатында халықаралық байланыстарды дамыту;
- ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыру, ғылыми зерттеулердің потенциалын дамыту және коммерцияландыруды ынталандыру, ғылыми қызметті жүзеге асыру арқылы ПОҚ және білім алушылардың біліктілігін арттыру;
- белсенді азаматтық ұстанымы, өзара сыйластық, төзімділік пен патриотизмнің ұстанымдары бар жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-әрекетті жүзеге асыру.

Экономиканың инновациялық дамуы, қоғамды ақпараттандыру және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы барлық салада кәсіпорындар мен ұйымдардың білікті қызметкерлерінің қатысуын талап етеді. Жаңартылған білім беру жүйесінің мазмұны да оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру және іске асыру үшін жоғары деңгейдегі мамандарды керек етеді.

6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасының **өзектілігі** дамушы ақпараттық-білім беру ортасында педагогикалық ғылымдар саласында бітіруші маманға қажетті оқытудың ұйымдастырушылық формаларын қолдануға бағытталған негізгі құзыреттіліктерді және оқыту нәтижелерін қалыптастыруға қажетті жаңа көзқарасты жүзеге асыру болып табылады.

6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептердің, колледждердің жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнын ескере отырып әзірленген; білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда инновациялық тәсілдерді дамытуды, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда жаңа тәсілдерді енгізуді ескереді.

Осы білім беру бағдарламасының **артықшылығы** білім беру қызметтері саласында жұмысқа орналасу орындарының кең таңдауы, жоғары ақы төленетін тұрақты жұмыс, мансаптық өсу үшін жақсы мүмкіндіктер, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алуының мүмкіндігі болып табылады.

6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасының **мақсаты** оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыруға қабілетті педагогикалық кадрларды даярлау, қазіргі заманғы ғылыми деңгейде информатика бойынша педагогикалық процесті ұйымдастыру процесінде информатика және АКТ саласында жүйеленген білімді қалыптастыру; ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру болып табылады.

6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім бакалаврын дайындау білім беру бағдарламасының негізгі **міндеттері**:

- бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеру дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби қызметте ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- шет тілдік құзыреттіліктерді қалыптастыруға халықаралық-стандартты деңгейлік талаптарды ескере отырып; білім беру мекемелерінде (орта жалпы білім беру және мамандандырылған мектептер, колледждер, лицейлер, гимназиялар, білім беру орталықтары және т. б.) АКТ оқыту процесін сапалы ұйымдастыру үшін ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту;
- оқыту процесінің ғылымның дамуымен байланысын қамтамасыз ету; тәжірибеге бағытталған оқуды ұйымдастыру;
- білім беру үдерісін құру, оқушылар ұжымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру, педагогикалық процестің заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік тетіктеріне сәйкес оқудан тыс іс-шараларды жоспарлау және өткізу дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын, білім беру процесінің мониторингін жүзеге асыра алу икемділігін қалыптастыру;
- білім алушылардың өзіндік зерттеушілік және аналитикалық іс-әрекеті үшін алғышарттар жасау;
- кәсіби іс-әрекетте алынған ақпаратты жүйелеуді пайдалану үшін арнайы ақпаратпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- мақсаткерлік, еңбекқорлық, жауапкершілік, азаматтық, этикалық нормаларды ұстанушылық сияқты әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру және дамыту;
- білім беру бағдарламасының түлектеріне кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру арқылы жұмысқа орналасуға көмек көрсету.

2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер

Оқыту нәтижесі бойынша Дублин дескрипторларын есепке ала отырып, 6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры тиісті:

Білу және түсіну (А дескрипторы):

- ой-өрісі кең және ойлау мәдениеті бар жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану-ғылыми пәндер саласындағы базалық негіздерін;
- педагогикалық мақсат қою принциптерін, педагогикалық жаңашылдық, педагогикалық технологиялар және педагогикалық интеграция теориясын;
- педагогика және психологияның мәнін; қарым-қатынас технологиясын, педагогикалық риторика және дау-дамай, коммуникация стратегиясы саласындағы базалық негіздерін;
- моделдеу және модельдеу әдістерінің негізгі кластарын, модельдеу процестерін құру принциптерін, ЭЕМ-де жүйе модельдерін формалдау, алгоритмдеу және іске асыру әдістерін;
- ЭЕМ және есептеу жүйелерінің архитектурасы, ақпаратты өндеудің электрондық құрылғыларының элементтері мен тораптарын жобалау және есептеу әдістерін;
- технологияның базалық негіздерін, бағдарламалық өнімді өндіру әдістері мен құралдарын;
- заманауи операциялық жүйе мен жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етуді құру принциптерін;
- графикалық, аудио және бейне файлдармен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді;
- бағдарламалау тілдері (C++, C#, Java, PHP, JavaScript, Swift, Python).

Білімін және түсінігін қолдану (В дескрипторы):

- білім беру саласындағы нормативтік және құқықтық құжаттарды, оқу-нұсқаулық құжаттарды қолдана білуді;

- ағымдағы оқу-ұйымдастыру құжаттамасын (оқу күнтізбелік және сабақ жоспарлары, дидактикалық, бақылау-өлшеу материалдары және т. б.) жасай білу;
- нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық білімді практикада қолдану;
- қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін қолдана білу және ауызша, жазбаша коммуникация түрлерін (сөйлеу, тыңдалым, оқылым, жазылым) жүзеге асыратын сөйлеу қызметінің барлық түрлерін меңгеру;
- кәсіби қызметті қайта құру, білім беруде авторлық жаңашыл идеяларды іске асыру, стандартты емес және баламалы шешімдерді табу және жаңа педагогикалық идеяларды генерациялау, сыни ойлау қабілеті;
- педагогикалық мониторингті қолдана білу, педагогикалық өлшеуіштер мен индикаторлар және бақылау-бағалау материалдары жүйесін әзірлеу, алынған нәтижелерді интерпретациялау;
- педагогикалық интеграция теориясы саласында базалық негіздерді қолдану, педагогикалық міндеттерді шешуде әр түрлі пәндерден білімді біріктіру;
- әр түрлі пәндік салаларда әр түрлі аппараттық платформаларда заманауи СУБД-ны пайдалана отырып ақпараттық қосымшаларды жобалай білу;;
- Windows, Android сияқты заманауи операциялық жүйелердің функционалдық мүмкіндіктерінің көмегімен қызметті жүзеге асыру, таңдау бойынша бағдарламалау тілдерінде мына 1C, Java, C, Python, JavaScript, PHP операциялық жүйелердің бағдарламалау іскерлігін жүзеге асыру;
- бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеудің бағдарламалық және техникалық құжаттамасын жасай білу.

Пікір қалыптастыру (C дескрипторы):

- педагогикалық өлшеуіштер мен индикаторлар жүйесін талдау және синтездей алу қабілеті;
- ғылыми теорияларды тексерудің эксперименттік және бақылау тәсілдерінің нәтижелерін талдау қабілеті;
- кешенді педагогикалық мониторингті жүзеге асыру, алынған нәтижелерді түсіндіру, өзін-өзі барабар бағалауға және өзін-өзі бақылауға ұмтылу қабілеті;
- жаңа педагогикалық технологияларды жалпылау, бағалау, таңдау және пайдалану, жоғары кәсіби педагогтардың тәжірибесін тарату және қолдану қабілеті;
- оқу жағдайын әдістемелік және психологиялық-педагогикалық факторлар тұрғысынан бағалау қабілеті, пәндік мазмұнына сәйкес әдістемелік есепті қалыптастыру;
- пәнді оқытудың әр түрлі кезеңдері мен деңгейлері үшін оқу материалын, тәсілдерін, оқыту құралдарын, жұмыс режимдерін таңдау қабілеті;
- психологиялық-педагогикалық білімді іздеу, формализациялау, құрылымдау және жүйелеу қабілеті;
- педагогикалық немесе әдістемелік сипаттағы мәселелерді шешу және дәлелдерді тұжырымдау қабілеті;
- күрделі кәсіби бағытталған телекоммуникациялық есептеу желілерін құру кезінде интерфейстік құралдарды таңдауды жүзеге асыра білу;
- ақпараттық технологиялардың негізгі ұғымдарына қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде салыстырмалы талдау жүргізу.

Қарым-қатынас дағдылары (D дескрипторы):

- қазақ, орыс, шет тілдерін меңгеруі;
- сындарлы диалог, әлеуметтік әріптестік, көпмәдениетті, көпэтносты және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жүргізу дағдыларын меңгеру;
- көшбасшы дағдыларын меңгеру; пәнаралық командада және басқа пәндік салалардағы сарапшылармен жұмыс;
- ұйымдастырушылық қабілеттерді меңгеру;

- мобилділік, икемділік тәсілдерін меңгеру; компромисттерді таба білу, өз пікірін ұжымның пікірімен сәйкестендіру;
- әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау мен интерпретациялауды жүзеге асыру;
- IT-технологиялар және басқа да аралас пәндік салалардағы сарапшылармен қажетті байланыс орнату және қолдау;
- ақпаратты, идеяларды, мәселелерді және оның шешімдерін мамандарға және маман емес тұлғаларға да хабарлау қабілеті

Оқу дағдылары (Е дескрипторы):

- тұтас педагогикалық үдерісті жобалау және іске асыра алу қабілеті;
- кәсіби іс-тәжірибелер мен кәсіби қызметтен өту барысында алынған оқу дағдыларын жетілдіру;
- жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті;
- өздігінен білім алу және өзін-өзі тану қабілеті;
- күнделікті кәсіби қызметке және магистратурада білімін жалғастыруға қажетті жаңа білім алу дағдыларын меңгеру;
- қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және таңдау, оны ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және беру;
- жаңа заманауи алгоритмдік тілдер мен бағдарламалау тілдерін өз бетінше үйрену;
- кәсіби және жеке тұлғалық өсуге ұмтылу.

6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасын табысты игергеннен кейін түлектер келесі оқу нәтижелерін көрсетуі тиіс:

- ОН1 – Өз пікірін, көзқарасын түсіндіру, орындалатын міндеттердің жоспарлары мен нәтижелерін талқылау және талдау;
- ОН 2 – Командада жұмыс жасау, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде диалог жүргізу;
- ОН 3 – Офистік қосымшалардың көмегімен хаттар, ресми құжаттар, презентациялар, есептер құрастыру, кәсіби қажеттіліктер үшін ұйымдастыру техникаларын пайдалану;
- ОН 4 – Оқу-тәрбие процесін жоспарлау және іске асыру;
- ОН 5 – Арнайы терминологияларды еркін апелляциялай білу;
- ОН 6 – Оқу және бақылау материалдарын, оқыту тәсілдерін, құралдарын, әр түрлі кезеңдер мен оқу деңгейлері үшін жұмыс режимін таңдау және жүйелей білу;
- ОН 7 – Педагогикалық мониторингті жүзеге асыру, педагогикалық басқаруды жүзеге асыруда білімді қолдану;
- ОН 8 – Шешу алгоритмдерін әзірлеу негізінде есептерді шешу үшін математикалық аппаратты қолдану;
- ОН 9 – Қойылған техникалық тапсырманың шешу алгоритмін әзірлеу және таңдалған бағдарламалау тілінде бағдарлама жазу;
- ОН 10 – Дербес компьютерлер мен желінің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету (БҚ орнату, желіні баптау);
- ОН 11 – Жеке жұмыс жоспарын құру, сараптау нәтижелерін талдау.

2.1 6B01502 - "Информатика мұғалімі" білім беру бағдарламасының элективті пәндер каталогы					
Пәндердің аты	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредит саны	Оқыту барысында қалыптасатын нәтижелері	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Цикл Общеобразовательных дисциплин					
Таңдау компоненті					
Жетістік философиясы	Өздігінен білім алу технологиясы; Оқыту стилі; Тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау; Ғылыми-зерттеу жұмысының негіздері; Уақытты басқару технологиялары; Ақпараттық-технологиялық әлемдегі адам; Ресми тапсырмаларды орындау бөлігі ретінде компьютерлендіру; Электрондық технологиялар және ақпараттың өңдеудің негізгі түрлерінің манипуляциясы; Сәтті байланыс технологиясы. Конфликтология. Іскер қатынасхаттар. Іскерлік келіссөздер; Кәсіпкерліктің әлеуметтік-мәдени және технологиялық негіздері; Бизнесі жоспарлау.	5	ОН1, ОН2, ОН3	Мектептегі өзін-өзі тану курсы; Мектептегі құқық негіздері курсы	
Құқық негіздері	Пән мемлекеттің, құқықтың және мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың негізгі түсініктерін; Қазақстан Республикасындағы азаматтық, еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңдардың жалпы ережелері; алған құқықтық білімімен, кәсіби қызмет дағдыларымен жұмыс істей білуін қалыптастырады.		ОН1, ОН3	Мектептегі өзін-өзі тану курсы; Мектептегі құқық негіздері курсы	
Тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Адамның қоршаған ортамен қауіпсіз өзара әрекеттесуі және қауіпті және өте қауіпті жағдайлардағы жағымсыз факторлардан қорғаудың негіздері туралы білім мен дағдыларды; экологиялық дүниетаным, өмір қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және құқықтық актілер саласында; Қазақстан Республикасындағы азаматтық қорғаныс міндеттері, құрылу және жұмыс істеу принциптері; жеке қорғаныс құралдары туралы қалыптастыру		ОН1, ОН3	Мектептегі өзін-өзі тану курсы; Мектептегі құқық негіздері курсы	
Базалық пәндер циклы					
ЖОО компоненті					
Педагогикалық мамандыққа кіріспе	Пән болашақ педагогикалық қызметке кәсіби және педагогикалық бағыттылықты қалыптастыруға, болашақ мамандықтың теориялық және практикалық негіздерін игеруге, оның жоғары әлеуметтік маңыздылығын білуге бағытталған;ол студенттерге мұғалімнің құзыреттілік моделіне, негізгі педагогикалық маңызды жеке қасиеттерін дамытуда баса назар аудара отырып, кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектеседі.	3	ОН4, ОН5	Мектептегі өзін-өзі тану курсы	Педагогика
Оқушылардың физиологиялық дамуы	Пән физиология, дамушы ағзаның жас ерекшеліктері, оның қоршаған ортамен байланысы туралы білім мен білікті; мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтуға негіз болатын заңдар; білім беру іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде олардың жоғары көрсеткіштерін сақтауды қалыптастырады	3	ОН4, ОН5	Мектептегі өзін-өзі тану және биология курсы	Педагогическалық іс-тәжірибе
Тұлғаның даму психологиясы	Пән жеке тұлға туралы ғылыми тұжырымдамалардың білімі мен дағдыларын, жеке тұлғаның қазіргі психологиялық теорияларының негізгі тенденциялары туралы; мамандардың ғылыми-зерттеу және практикалық қызметі үшін тұлға психологиясының маңыздылығын; тұлғаны дамыту психологиясы саласындағы психологиялық зерттеудің әдіснамалық негіздерін теориялық талдау дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1,ОН4, ОН5	Мектептегі өзін-өзі тану курсы	Педагогическалық іс-тәжірибе
Педагогика	Пән қазіргі педагогикалық үрдістің негізгі міндеттерінің топтарын: оқушылардың қажеттіліктерін, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның дамуына бағытталған білім беру үдерісін құру; дамытушы ортаны педагогикалық мақсатта құру және пайдалану; педагогикалық кәсіп пен қызметтің жалпы сипаттамасын; педагог тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігін; педагогтың үздіксіз кәсіби өсу факторларын оқытады.	5	ОН4, ОН5	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі; Критериалды бағалау технологиясы; Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту әдістемесі; Педагогикалық шеберлік; Информатика бойынша есептерді шешу әдістемесі; Информатика сабақтарында CLIL әдістемесін қолдану.
Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістері	Пән оқу-тәрбие үдерісін тұтас педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігі ретінде білім мен дағдыларды; мектептің және сыныптың тәрбие жүйесін; сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметінің жүйесін; оқушы ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктерін; заманауи мектептің оқу-тәрбие үдерісінің педагогикалық қолдауын; заманауи білім беру үрдісіндегі тәрбие технологияларын; сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыс жүйесін қалыптастырады	3	ОН1, ОН2, ОН4,ОН5	Педагогика	Педагогическалық іс-тәжірибе
Инклюзивті білім беру	Пән білім берудегі инклюзивті үдерістерді ұйымдастырудың және басқарудың негізгі принциптері туралы білім мен дағдыларды; республикада және шетелде қалыпты және дамуында ауытқуы бар тұлғалардың бірлесіп білім беру идеясын дамыту туралы теориялық білімін, сонымен бірге ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың міндеттері мен мазмұнын қалыптастырады	5	ОН2,ОН4, ОН5, ОН6	Психология	Педагогическалық іс-тәжірибе

Білім берудегі менеджмент	Пән болашақ мұғалімнің мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқару және диагностикалау бойынша кәсіби құзыреттілігін және білім беру мекемесін басқару бойынша практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру тәртібін қалыптастырады	3	ОН1, ОН2, ОН3, ОН5, ОН7	Педагогика	Дипломалды іс-тәжірибе
Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы	Пәнді оқып үйренудің мақсаты: студенттердің ағылшын тілінің грамматикалық дағдыларын дамыту, ағылшын тілінің нормативті және функционалды грамматикасымен танысу, сонымен қатар ағылшын тілі мен сөйлеуінің грамматикалық жүйесі туралы тұтас түсінік қалыптастыру болып табылады.	5	ОН2	Шетел тілі	Педагогическалық іс-тәжірибе
Ағылшын тілінде ауызша және жазба	Пән мәдениетаралық және кәсіби ерекшеліктерді ескере отырып, шет тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Мұғалімдердің, студенттердің және тіл тасымалдаушылардың сөйлеу тілін түсіну және тыңдау қабілеттерін дамытады; шет тіліндегі мәтінді оқу әдістерін дамытады; оқылған мәтіннен ақпаратты іздеу және шығару дағдыларын дамытады; графикалық, тыныс белгілері мен орфографиялық сауатты жазу дағдыларын дамытады.	5	ОН2	Шетел тілі	Педагогическалық іс-тәжірибе
Физика	Пән өлемнің заманауи физикалық бейнесі және ғылыми дүниетаным туралы түсінікті қалыптастырады, іргелі заңдарды, физикалық зерттеулер әдістерін қолдану білімдері мен дағдыларын қалыптастырады; классикалық және қазіргі физиканың негізгі ұғымдарының, заңдылықтарының, теорияларының ішкі байланысы мен тұтастығындағы мәнін ашады	5	ОН5, ОН8	Мектептегі физика курсы	Білім берудегі робототехниканың негіздері
Бағалаудың өлшемдік технологиялары	Пән ҚР жалпы білім беру ұйымдарында оқушылардың оқу жетістіктерін өлшемдік бағалау жүйесін тиімді игеруге және енгізуге ықпал етеді; жетістік өлшемдерін, өлшемдік бағалау технологиясының ғылыми-педагогикалық негіздерін, жас ерекшеліктеріне сәйкес бағалауды, жиынтық және қалыптастырушы бағалауды қарастырады	3	ОН1, ОН4, ОН5, ОН6	Педагогика	Дипломалды іс-тәжірибе
"Microsoft Office" Бағдарламалар пакеті	Пәннің мақсаты әр түрлі мақсаттағы құжаттарды құруға арналған Microsoft Office қосымшаларымен (Word, Excel, PowerPoint, Access), сондай-ақ көмекші бағдарламалармен (Graph, Organisation Chart, Equation Editor, WordArt, т.б.) жұмыс жасауда практикалық дағдыларды қалыптастыру	5	ОН3, ОН5, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу

Базалық пәндер циклы

Таңдау компоненті

а) Алгебра және геометрия	Пән сызықтық алгебра мен аналитикалық геометрияның түсініктері мен әдістерін оқытады: матрицалар мен детерминанттар, сызықтық теңдеулер жүйесі, векторлық алгебраның элементтері, жазықтықта және үш өлшемді кеңістіктегі аналитикалық геометрия элементтері, күрделі сандар	5	ОН1, ОН8	Мектептегі математика курсы	Математикалық талдау; Сандық әдістер
б) Кодтау теориясы	Пән кодтау теориясының негізгі түсініктерін, ақпараттың нақты көздерін кодтау әдістерін; ақпарат көздерінің модельдерін құру, байланыс арнасының өткізгіштігін бағалау, шуылы бар арналар үшін оңтайлы және шуға қарсы кодтарды құру мүмкіндігін; дискретті ақпарат көздерін кодтау, ақпаратты қалпына келтіру әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастырады		ОН1, ОН5, ОН8, ОН9	Мектептегі математика курсы	Оқу (танысу) іс-тәжірибесі
а) Математикалық талдау	Пән студенттердің жиынтықтар, нақты және күрделі сандар, функционалдық қатарлар, функциялар және олардың графигі, бір немесе бірнеше айнымалылар функциясының дифференциалды және интегралдық есептеріндегі мәселелерді шешудегі білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН5, ОН8	Алгебра және геометрия	Математикалық логика және дискретті математика; Математикадағы оңтайландыру әдістері
б) Сандық әдістер	Пән математиканың классикалық әдістерін, сәйкес математикалық есептерді шығаруды, оларды жуықтап шешудің сандық алгоритмдері және қателіктердің нәтижелерін бағалау туралы білімдерін; мәліметтерді өңдеу үшін MS Excel немесе Паскаль бағдарламалау жүйесінің құралдарын пайдалану мүмкіндігін; сәйкес кәсіби саладағы мәселелерді шешу үшін математикалық білімді мағыналы түсіндіру және бейімдеу дағдыларын қалыптастырады		ОН1, ОН5, ОН8	Алгебра және геометрия	Педагогическалық іс-тәжірибе
а) Математикалық логика және дискретті математика	Пәннің мақсаты математикалық логикалық функциялар теориясының, алгоритмдер теориясының, графикалық теорияның, кодтау теориясының негізгі ұғымдарын оқыту; дискретті математиканың бірқатар бөлімдеріндегі негізгі есептерді шешу (жинақталған теория, графикалық теория, логикалық алгебраның функциялары) дағдыларын қалыптастыру	5	ОН1, ОН5, ОН8	Математикалық талдау	Педагогическалық іс-тәжірибе
б) Математикадағы оңтайландыру әдістері	Пән фундаменталды және қолданбалы математиканы оңтайландырудың теориялық негіздерін, экономикалық және математикалық модельдерді білу, оптимизация мәселелерін шешуге арналған негізгі математикалық аппараттарды игеру қабілеттерін; экстремалды есептерді шешудің теориясы мен әдістерін және аналитикалық есептеу пакеттерін қолдану арқылы тәуелсіз есептер шығару дағдыларын қалыптастырады		ОН1, ОН5, ОН8, ОН9	Математикалық талдау	Педагогическалық іс-тәжірибе

а) Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Пәннің мақсаты студенттерді Python, C, Java және т. б. сияқты жоғары деңгейдегі тілді оқыту арқылы программалау есептерін шешу кезінде қазіргі заманғы компьютерлік техниканы тиімді пайдалануға дайындау; студенттерді теориялық білімге үйрету және таңдалған тілде бағдарламалаудың тәжірибелік базалық технологиялық дағдыларын қалыптастыру болып табылады	6	ОН1, ОН5, ОН8, ОН9	Мектептегі информатика курсы	C++ тілінде бағдарламалау; C+ тілінде бағдарламалау; Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер базасы; Oracle-да желілік деректер қорын құрастыру; Web-Бағдарламалау (PHP, Python, HTML, Adobe Dreamweaver); Кроссплатфорлы бағдарламалау
б) Алгоритмдер теориясы	Пән алгоритмдер теориясының негізгі түсініктерін, математикалық объектілердің анықтамалары мен қасиеттерін, оларды дәлелдеу әдістерін; алгоритмдер теориясының әртүрлі бөлімдерінен теориялық және қолданбалы есептерді шешу, тұжырымдарды дәлелдеу, объектілер мен тұжырымдамалардың модельдерін құруды; алгоритмдер теориясының математикалық аппаратын қолдану дағдыларын, осы саладағы мәлімдемелерді дәлелдеу әдістері және негізгі есептерді алгоритмдеуді қалыптастырады		ОН1, ОН5, ОН8, ОН9	Мектептегі информатика курсы	Оқу (танысу) іс-тәжірибесі
а) Операциялық жүйелер	Пән компьютерлердің, жүйелер мен желілердің жүйелік бағдарламалық қамтамасыздандыру құралдарын құру және жұмыс істеу принциптерін, ОЖ мақсаты мен функциялары және олардың жұмыс істеу тұжырымдамасы туралы білімді; әртүрлі ОЖ басқаруымен жұмыс істейтін компьютерде жұмыс жасау дағдыларын, ОЖ ішкі жүйелерін бағдарламалық басқару әдістерін қалыптастырады	5	ОН5, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Педагогикалық іс-тәжірибе
б) Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету	Пән ақпараттық қызмет көрсету әдістері туралы білімді; АКТ мақсаты мен түрлері, қолданбалы өрісті талдау әдістері, ақпараттық қажеттіліктер; пәндік саладағы талдауды, салыстырмалы талдауды және қолданбалы есептерді шешуге және АЖ құруға арналған АКТ таңдау мүмкіндігін; заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы қолданбалы есептерді жасау және шешу дағдылары қалыптастырады		ОН5, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Педагогикалық іс-тәжірибе
а) Компьютер архитектурасы және компьютерлік желілер	Пән бағдарламалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру принциптерін және компьютердің функционалдығын анықтайтын сипаттамаларын; компьютерлік желілерді сауатты құру және қолдау, жергілікті желі мен Интернет желілік қосымшалардың жұмысын оқытады	5	ОН5, ОН10	Мектептегі информатика курсы	Педагогикалық іс-тәжірибе
б) Мультимедиялық жүйелерді жобалау және құрастыру	Пәннің мақсаты студенттерге бағдарламалық өнімдерді жасауда заманауи әдістерді, стильдер мен құралдарды қолдану туралы білім, білік және дағдыларды үйрету, мультимедиялық жүйелерді жобалау мен құру әдістемесін, мультимедиялық мәліметтерді құру, түрлендіру және редакциялаудың негізгі әдістерін оқып үйрену		ОН1, ОН8, ОН9, ОН10	Мектептегі информатика курсы	Педагогикалық іс-тәжірибе
а) Ақпараттың киберқауіпсіздігі	Пәннің мақсаты студенттердің ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздік туралы жалпы түсініктермен таныстыру және осының негізінде ақпараттық қауіпсіздік технологияларының негізгі ұғымдарын қалыптастыру және қызметтің барлық салаларында киберқауіпсіздік ережелерін қолдана білуді үйрету болып табылады; қорғалған ақпараттық жүйелердің әр түрлі типтерін жасау әдістері мен тәсілдерін оқытады.	6	ОН5, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Компьютерлік үлгілеу	Пәннің мақсаты модельдеудің негізгі принциптерін білу, заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып статикалық және динамикалық модельдер құру; ақпаратты қабылдаудың автоматтандырылған әдістері мен тәсілдерін білу; математикалық есептерді шешуде компьютерлік эксперимент жүргізуді білу; есептеу экспериментін ұйымдастыру және оның нәтижелерін өңдеу дағдылары болып табылады		ОН1, ОН8, ОН9, ОН10	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Дипломалды іс-тәжірибе

C++ тілінде бағдарламалау	Пән функционалды мүмкіндіктер, C ++ бағдарламалау тіліндегі НББ-ның жалпы құрылымы мен механизмі туралы білімді қалыптастырады; стандартты модульдер мен қолданушылық процедураларды, бағдарламаларды жөндеу және тестілеу әдістерін қолдана отырып, қосымшаларды әзірлеу тәжірибесін жинақтайды	6	ОН1, ОН5, ОН9	Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Python 3 бағдарламалау тілі; Swift тілінің негіздері; Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау; .Net Framework платформасында бағдарламалау; Информатиканы оқытудың мамандандырылған әдістемесі; Информатиканы оқытудағы дифференциалды тәсіл
а) C+ тілінде бағдарламалау	Бұл пән C+ жоғары деңгейлі бағдарламалау тілінің функционалды мүмкіндіктерін және Net Framework кітапханаларын оқытады; кәсіби қызметтің есептері мен міндеттерін шешуде заманауи әдістер мен технологияларды қолдана отырып C+ ортасында бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады.		ОН1, ОН5, ОН9	Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Педагогическалық іс-тәжірибе
а) Python 3 бағдарламалау тілі	Пәннің мақсаты Python 3 бағдарламалау тілінің заманауи синтаксисін, IDLE ортасының функционалдығын зерттеу болып табылады; Python 3-те тапсырмаларды шешуде заманауи бағдарламалау әдістерін қолдана отырып, бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН5, ОН9	C++ тілінде бағдарламалау	Педагогическалық іс-тәжірибе
б) Swift тілінің негіздері	Пән Swift тілінің синтаксисін үйретеді, Mac OS және iOS операциялық жүйелеріне арналған бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады; Swift тілінде бағдарламалаудың практикалық тәжірибесін қалыптастырады және мобильді бағдарламалау саласында жаңа бағытты дамытады		ОН1, ОН5, ОН9	C++ тілінде бағдарламалау	Педагогическалық іс-тәжірибе
а) Java тілінде объектілі-бағытталған бағдарламалау	Пән Java-дағы НББ негізгі парадигмалары, инкапсуляция, полиморфизм және мұрагерлік механизмдері туралы білімді; алгоритмдер жазу және бағдарламалар құру, Java-да НББ механизмін қолдану арқылы әртүрлі мәселелерді шешу арқылы құрылымдық және объектілік-бағытталған бағдарламалау теориясын шоғырландыру дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН5, ОН9	C++ тілінде бағдарламалау	Педагогическалық іс-тәжірибе
б) .Net Framework платформасында бағдарламалау	Пәнді оқытудың мақсаты студенттердің объектілі-бағытталған бағдарламалау бойынша іргелі білім алу, Microsoft Visual Studio бағдарламалау ортасының құрамы мен құрылымын оқып үйрену және оны кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында пайдалану болып табылады; визуалды бағдарламалау тілдерінің көмегімен Windows-формаларды жасаудың әдістері мен тәсілдерін үйретеді.		ОН1,ОН5, ОН8, ОН9, ОН11	C++ тілінде бағдарламалау	Педагогическалық іс-тәжірибе
а) Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер базасы	Пән деректер қоры мен ақпараттық жүйелер жүйесі саласындағы білім мен іскерлікті, сондай-ақ ақпараттық жүйелердегі деректер қоры моделін әзірлеудің практикалық тәжірибесін қалыптастырады; деректер қоры модельдерінің жіктелуін зерттейді, ақпараттық жүйелерде оңтайландырылған ДББЖ жобалаудың және әзірлеудің практикалық дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН5, ОН8, ОН9	Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Педагогическалық іс-тәжірибе
б) Oracle-да желілік деректер қорын құрастыру	Пән реляциялық деректердің негізгі ұғымдарын, МББЖ негізгі түсініктерін және Oracle МББЖ арқылы құрылымдалған SQL сұрау тілін оқытады; мәліметтер базасы жүйелері, үлкен көлемдегі деректерді өңдеу және басқару саласындағы бейін бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады		ОН1, ОН5, ОН8, ОН9, ОН11	Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Педагогическалық іс-тәжірибе
Профильді пәндер циклі					
ЖОО компоненті					
Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту әдістемесі	Пән информатика, АКТ және дидактиканы оқытудың теориясы мен әдістерінің жалпы мәселелерін ашады, информатика базалық курсын оқыту мәселелері, оның мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру формалары қарастырылады; оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдануға үйрете	5	ОН2, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7	Педагогика, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Педагогическалық іс-тәжірибе
Дыбыстық және бейнефайлдарды ком	Пән мәтіндік ағынды, гипермәтінді, түс қабылдаудың физиологиялық негізін сипаттайтын бейне файлдарды, мультимедиялық ресурстарды, аудио және бейне файлдардың негізгі түсініктерін, сонымен қатар дыбысты құруға, өңдеуге және орнатуға арналған аппараттық-бағдарламалық қамтамасыздандыруды, бейнефайлдарды, мультимедиялық ресурстарды, компьютерлерді құру және өңдеудің білімдерін, білігі мен дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН5, ОН10	Мектептегі информатика курсы	Дипломалды іс-тәжірибе
Компьютерлік графика және анимация	Пән интерактивті компьютерлік графика, компьютерлердің бағдарламалық және аппараттық ұйымдастырылуы, бағдарламалау алгоритмдерінің негіздері мен екіөлшемді және үшөлшемді компьютерлік графика әдістерінің теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастырады, сонымен қатар анимациялық графикалық файлдарды құру әдістерін, компьютерлік редакциялауды, үш өлшемді (3D1) анимацияны, автоматтандырылған 3D нысандарын жобалауды қалыптастырады	6	ОН5,ОН10	Мектептегі информатика курсы	Компьютерлік графика және анимация ІІ; Электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу
Компьютерлік графика және анимация	Пән әр түрлі күрделіліктегі статикалық және анимациялық кескіндерді құру үшін заманауи бағдарламалау тілдерінің мүмкіндіктерін пайдалану бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастырады: әртүрлі графикалық файлдардың форматтары, түрлі-түсті және формадағы композициялар, интерактивті фильмдер құру, Actionsript, Actions панелі туралы жалпы ақпарат	3	ОН5, ОН10, ОН11	Компьютерлік графика және анимация І	Дипломалды іс-тәжірибе

Мұғалім мен білім алушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуде және ғылыми-практикалық конференциялар мен байқауларда баяндамалар (презентациялар) дайындауда әдістемелік қолдау көрсету, зерттеу қызметін реттейтін, студент-зерттеуші мен оқытушы-жетекшісінің қарым-қатынасын құрылымдау болып табылады		5	ОН1, ОН2, ОН3, ОН11	Ақпараттың киберқауіпсіздігі	Дипломалды іс-тәжірибе
Педагогикалық шеберлік	Пән мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің тұтас құрылымын, оның тұлғасын, педагогикалық шеберліктің мәні мен мазмұнымен танысу; педагогикалық қабілеттер, педагогикалық техника және педагогикалық ықпал ету құралдары және шешендік өнер; қарым-қатынас мәдениетін меңгеру, мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар ұжымымен өзара қарым-қатынас орнату; коммуникативтік және басқару дағдыларын меңгеруге бағытталған	5	ОН1, ОН2, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН11	Педагогика, Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту әдістемесі	Дипломалды іс-тәжірибе
Білім берудегі робототехниканың негізгі	Пән негізгі ұғымдар, білім беру робототехникасы саласындағы қазіргі жағдай туралы білімді; техникалық шығармашылық саласындағы жобаларды құру және ұсыну мүмкіндігін; компьютерлік бағдарламалармен және Интернетте жұмыс істеу кезінде қауіпсіз және тиісті мінез-құлық дағдыларын, ақпараттық этика мен заңдылықты сақтауды қалыптастырады	3	ОН5, ОН6, ОН9	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Физика, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Дипломалды іс-тәжірибе
Электрондық білім беру ресурстарын	Пәнді оқып-үйренудің мақсаты электрондық білім беру ресурстарын пайдалану және құру әдістері саласында жүйелі білімді қалыптастыру, электрондық білім беру ресурстарын жасау, сараптау, құру, пайдалану тәжірибесін дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесінің қарқындылығын түсіну	5	ОН3, ОН6, ОН9, ОН11	"Microsoft Office" бағдарламалар пакеті, Компьютерлік графика және анимация I	Дипломалды іс-тәжірибе
Компонент по выбору					
а) Web-Бағдарламалау (PHP, Python, HTML, Adobe Dreamweaver)	Пән веб-сайттың құрылымын ақпараттық жүйе ретінде жобалау, клиент пен сервер жағында бағдарламалау арқылы веб-сайт құру, веб-сайтты серверге орналастыру, қолдау көрсету және қызмет көрсету технологияларын игеруге көмектеседі және сайт құру үшін түрлі саңылауларды пайдаланудың практикалық дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН5, ОН8, ОН9	Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Кроссплатформлы бағдарламалау	Пән кросс-платформалық қосымшаларды құру мүмкіндіктері мен принциптері туралы; интеграцияланған ортада қосымшаларды жасау кезеңдері туралы білімді; қазіргі заманғы бағдарламалық платформалар мен бағдарламалау тілдері туралы жүйелік негізгі түсінікті қалыптастыра білуді; объектіге бағытталған бағдарламалау тілдерімен жұмыс істеу дағдыларын; интерпретацияланған тілдермен қарапайым платформалық қосымшалар құру дағдыларын қалыптастырады		ОН1, ОН5, ОН9	Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Дипломалды іс-тәжірибе
а) Информатиканы оқытудың мамандандырылған әдістемесі	Пән бастауыш сыныптарда (балаларға арналған компьютерлік сауаттылық негіздері, оқыту мазмұны, оқыту тәсілдері), сонымен қатар техникалық және кәсіптік мекемелерде (бағдарламалауға назар аударуда) информатика мен АКТ-ны оқыту әдістерімен таныстырады	3	ОН1, ОН2, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7	C++ тілінде бағдарламалау, Операциялық жүйелер, Web-Бағдарламалау (PHP, Python, HTML, Adobe Dreamweaver)	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Информатиканы оқытудағы дифференциалды тәсіл	Пәнді оқудың мақсаты студенттерді жалпы білім беретін мектепте информатика пәнінен көп сатылы үздіксіз білім берудің заманауи тұжырымдамасымен таныстыру; болашақ информатика мұғалімін техникалық және бағдарламалық-әдістемелік қолдаудың әр түрлі жағдайларында мектеп пәнін шығармашылықпен оқыту үшін қажетті білім, дағдылар мен қабілеттермен қамтамасыз ету болып табылады		ОН3, ОН4, ОН6, ОН7	C++ тілінде бағдарламалау, Операц. системы, Web-Бағдарламалау (PHP, Python, HTML, Adobe Dreamweaver)	Дипломалды іс-тәжірибе
а) Информатика бойынша есептерді шешу әдістемесі	Пән теориялық білімді практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады: информатика есептерін шешудің негізгі әдістерін игеру (ақпарат көлемін өлшеу, графикалық ақпаратты кодтау және оның ақпарат көлемін өлшеу, аудионы ақпаратты кодтау және ақпарат көлемін өлшеу, ақпаратты кодтау және кодтау мүмкіндігі және т.б.)	5	ОН8, ОН9	Педагогика, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Информатика сабағында CLIL әдістемесін қолдану	Пәнді оқып-үйренудің мақсаты студенттерге информатика пәнін CLIL әдісін қолдана отырып оқытудың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру, CLIL әдісін қолданудың маңыздылығын түсіну, пәндік-интегралды оқытуды жүзеге асыруға ықпал ететін бағдарламалық құралдары, тәсілдері мен әдістер туралы білім мен ойлаудың тұжырымдамалық стилін білу болып табылады		ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН11	Педагогика, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау	Дипломалды іс-тәжірибе

3. Бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Бітіруші түлектің негізгі құзыреттіліктері жалпы білімділікке, әлеуметтік-этикалық құзыреттілікке, ұйымдастырушылық-басқарушылық және кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасады.

6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры **жалпы құзыреттерді (ЖҚ):** игеруі тиіс

ЖҚ -1 Тіл саласындағы құзыреті

- Ана тілін мінсіз меңгеру, өзінің ғылыми және кәсіби қызметі туралы сауатты түсіндіре алу, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынастың күрделі тақырыптарына конструктивті диалог құру дағдыларын игеру, ағымдағы құжаттаманы құруы, арнайы терминологияға қолдана білу (C2 деңгейі).

- Сауатты түсіндіре алу үшін екінші тілді меңгеру, конструктивті диалог құру, түрлі тақырыптарға толық хабарлау, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру, негізгі мәселеге өз көзқарасын жеткізе білу, түрлі пікірлердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету, ағымдағы құжаттаманы құру (B2 деңгейі).

- Кәсіби халықаралық қарым-қатынастың қалыптасқан мамандандырылған терминологиясы шеңберінде коммуникация құралы ретінде шет тілін меңгеру (B2 деңгейі).

ЖҚ-2 Компьютерлік құзыреттілік

- Қазіргі заманғы техникамен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру: компьютерді және қолданбалы бағдарламаларды іске қосу; құжаттарды сканерлеу және басып шығару; бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңартуларын орнату; вирусқа қарсы бағдарламалармен жұмыс істеу; ақпараттық тасымалдағыштарға жазба жазу.

- Кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана білу: қажетті ақпаратты іздеу, талдау және іріктеуді ұйымдастыру, оны қайта құру, сақтау және беру; пошта қызметтерімен, іздеу жүйелерімен, порталдармен, веб-сайттармен, мессенджерлермен, бұлтты және мобильді сервистермен жұмыс істеу; электрондық каталогтармен, анықтамалармен, сөздіктермен жұмыс істеу.

- Сенімді пайдаланушы деңгейінде қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру: MS World (мәтіндік құжаттармен жұмыс), MS Excel (кестелермен жұмыс), MS PowerPoint (презентациялар жасау), Paint (графикалық бейнелермен жұмыс).

ЖҚ-3 Оқу-танымдық құзыреттілік

- Оқу-танымдық іс-әрекетте мақсат қоя білу, жоспарлау, талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау қабілеті.

- Күнделікті кәсіби қызметке қажетті жаңа білім алу және шынайы білім алуды жалғастыру дағдыларын меңгеру.

- Ақпаратты іздеу және оның шынайылығын тексеру, фактілерді анықтай білу.

ЖҚ-4 Әлеуметтік құзыреттілік

- Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін білу, өз қызметінде нормативтік және құқықтық құжаттарды пайдалану.

- Патриотизм, құрмет көрсету, ашық болу қабілеті.

- Қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу.

- Мәселелерді анықтау, тұжырымдау және шешу қабілеті.

- Ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынас орната білу, жанжалдарды реттей білу, шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік алу қабілеті.

ЖҚ-5 Адамгершілік-этикалық құзыреттілік

- Мәдениеттің базалық құндылықтарын сақтау, азаматтық пен гуманизмге ие болу.
- Моральдық нормалар мен этикалық ұғымдар негізінде өзінің мінез-құлқын анықтау және бағалай білу.
- Искерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру, адамгершілік тандау жасау қабілеті.
- Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениетіне және дініне төзімділік; басқа мәдениеттер мен діндер өкілдерімен нәтижелі өзара іс-қимыл жасау
- Ұлттық мәдениеттің құндылығын ұғыну, тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен қарау.

ЖҚ-6 Кәсіпкерлік және экономикалық құзыреттіліктер

- Экономика негіздерін білу, менеджмент, маркетинг, қаржы туралы түсініктерді меңгеру.
- Инновациялық қызметке, бастамаға және кәсіпкерлікке қабілеттілік.
- Ресурстарға қажеттілікті бағалау және кәсіби қызметте міндеттерді шешу кезінде оларды пайдалануды жоспарлау, қарапайым экономикалық талдау жүргізе білу және экономикалық қызметтің нәтижелерін бағалау қабілеті.

ЖҚ-7 Ұйымдастыру-атқару құзыреттіліктері

- Ұжымның өзіндік қызметі мен қызметін ұйымдастыру және жоспарлау және бақылау дағдыларын, Time Management дағдыларын меңгеру; мақсат қою және оларға қол жеткізу қабілеті; нәтижеге жауапты болу.
- Ұжыммен жұмыс істеу кезінде кәсіби міндеттерді шешудің әр түрлі нұсқаларын өз бетінше әзірлеу және ұсыну қабілеті.
- Бастамашылық көрсету және мәселелерді шешу қабілеті; қатысушылардың қызметін көтермелеу және ынталандыру, сондай-ақ басшылықтың тапсырмаларын сапалы және жауапты орындау қабілеті.
- Ұжым қызметінің өзгермелі жағдайларына әрекет ете білу және оларды түзету немесе жою бойынша дұрыс шешім қабылдай білу.
- Қауіпсіздікке және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарау.

ЖҚ-8 Коммуникативті құзыреттілік

- Сауатты сөйлеуді, шешендік өнерді, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын (PublicSpeaking) білу, өз көзқарасын қорғай білу, әртүрлі типтегі адамдармен қарым-қатынас орнату қабілеті.
- Командада жұмыс істей білу, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру, ұжым қызметінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін тиімді қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру.
- Қақтығыстарды шешу, келіссөздер жүргізу, ымыраға келу қабілеті.
- Өзіне жауапкершілік алу және шешім қабылдау, бірлескен шешім қабылдауға қатысу қабілеті.

ЖҚ -9 Өзін-өзі дамытуға және мансаптық өсуге дайындық

- Жаңа жағдайларға бейімделу, өзгерістерге жауап беру қабілеті.
- Өмір бойы жеке білім траекториясын құру қабілеті.
- Толыққанды қызметтің негізі ретінде салауатты өмір салтын қалыптастыру.
- Кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі жағдайлар мен мәселелерге икемділік пен ұтқырлық.

6B01502 – «Информатика мұғалімі» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры келесі **кәсіби құзыреттіліктерді** игеруі тиіс (**КҚ**):

КҚ -1 Нормативтік-құқықтық құзыреттілік

- Өндірістік және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қойылатын нормативтік санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды білу.
- Зияткерлік меншікті қорғау әдістері мен құралдары туралы білім.
- Білім беру мекемелерінде оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын білу.

КҚ -2 Дидактикалық құзыреттілік

- Әр түрлі жастағы білім алушыларға АКТ оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін білу.
- Оқушылардың компьютерлік дағдыларды меңгеру қабілетін дамытуға бағытталған кәсіби қызметті психологиялық және әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүзеге асыру.
- Білім беру және практикалық міндеттерді шешу үшін компьютерді пайдалану дағдыларын меңгеруге қызығушылықты қалыптастыру және ынталандыру.
- Педагогикалық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану.

КҚ -3 Оқу-тәрбиелік құзіреттілік

